Практикалық сабақ №5

Фитоценоздағы өсімдіктердің ярустық жіктелуі

Фитоценоздың структурасы.
Структура латын тілінен аударғанда « құрылысы, орналастыру» деген мағынаны білдіреді.
Фитоценоздың структурасында төмендегідей топтарды атауға болады:
1. Фитоценоздың морфологиясы немесе кеңістіктегі синморфология;
2. Фитоценоздың храналогиялық структурасы немесе фитоценоздың өзгергіштігі;
3. Эколого – биологиялық структурасы;
4. Фитоценоздың функциональдық структурасы;
5. Конституциялық структурасы;

Фитоценозда жоғары дәрежелі маңызды саны бойынша немесе биомассасы бойынша топырақ бетін жабу дәрежесі бойынша басым түрлерді алады. Мұндай түрлерді **доминанттар** деп атайды. Олар фитоценоздың міндетті түрдегі **элементтері** болып табылады. Өсімдіктер түрлерін оның **компоненті** деп аталады. Фитоценоздың негізін құрайтын осы компоненттерді **эдификаторлар** деп атайды. Мысалы: шалғындық фитоценозда костер безостый, лисохвост луговой.

Ярус – фитоценоздағы қабаттың негізгі бөлігі. Онда негізінен ассимиляция жасайтын немесе сіңіруші және қор жинаушы өсімдік мүшелері үйлесіп орналасады. Басты қабаттың ярусы – басты, екінші қабаттың ярусы – екінші дәрежелі деп аталады.

Фитоценоздың вертикальды структурасының негізі болып **ярустылығы**, ал горизонтальды структурасының элементі **- мозайкалығы. Ярустылық** – фитоценоздың әртүрлі дәрежеде қабысқан ассимиляцияға заттар және энергия жинақтауға әрқалай қатысатын қабаттарға, ярустарға, қалқаларға, биогоризонттарға, яғни структуралық немесе функциональдық бөлімдерге бөлшектенуі.

ЯРУСТАР

Қалқа

ярусты көлденең бөлгендегі бөлшегі немесе биік ағаштардың бөрік басы.

Биогоризонтальды

ярустық ценоэкожүйедегі функциональдық бөлшегі

Фитоценозды қалыптастыратын өсімдік түрлері жер бетінде әр түрлі биіктікте таралған, ал олардың тамырлары жер астында топырақтың әртүрлі тереңдіктерінде орналасады. Бұл құбылыс **ярустылық** деп аталады. Ярустылық **жер үсті** және **жер асты ярустылық** болып бөлінеді. Жер үсті ярустылығының саны 1-8-е дейін ауытқиды.Жалпы орманнан мынадай ярустылықты көруге болады:

1.6 м жоғары ағаштар.
2. 6 м төмен ағаштар.
3. 2 м-ге дейінгі бұталар.
4. 0,8 м шөптесін өсімдіктер.
5. 30 см болатын өсімдіктер.
6. 10 см шөптесін өсімдіктер.
7. топырақта жанасып өсетін өсім

Өсімдіктің тамыр жүйесін қазғанда жер асты ярустарын ажыратуға болады. Мысалы: жалпақ жапырақты орманда:

1 ярус: будралар
2 ярус: папоротниктер
3 ярус: бұта тамырлары
4 ярус: ағаш тамырлары- ең терең ярусты құрайды.

Жер асты ярустары:

1. Омброфиттер – жаңбыр суын және конденсацияланған ылғалды пайдаланатын өсімдіктер;
2. Гидрофиттер – тамырсабақтары немесе жер асты өркендері жер бетіне жақын орналасқан, артық ылғалды жағдайда өседі;
3. Трихофиттер – тамырлары мен тамырсабақтары орташа тереңдікте орналасатын топырақ капиллярларындағы суды пайдаланатын өсімдіктер;
4. Фреатофиттер – тамырлары мен тамырсабақтары топырақтың терең қабатындағы ылғалды пайдаланатын өсімдіктер;

Быков ярустарды былай бөлді:

1. Биіктігі жағынан 1 – ші ағаштар (15 – 20 м жоғары)
2. Биіктігі жағынан 2 – ші ағаштар (6 – 15 м)
3. Аласа ағаштар (6 м дейінгілер) – жартылай ағаштар мен бұталар
4. Биік шөптер мен биіктігі орташа бұталар
5. Биіктігі орташа шөптер мен аласа бұталар
6. Аласа шөптер мен бұташалар, жартылай бұташалар
7. Ерекше өсімдіктер – мүктер , қыналар.

Фитоценоздың ярустылығын зерттеу тек ғана геоботаниктерді ғана емес эколог, агрономдарды да қызықтырды. Себебі: фитоценоздардың ярустығы мен өнімдерінің арасында қарым-қатынас бар. Бұл теориялық және практикалық жағынан да маңызы зор.